

**Успен ауданы әкімінің 2014 жылғы 11 наурыздағы "Успен ауданында сайлау учаскелерін құру туралы" № 3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Успен ауданы әкімінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 қарашада № 6101 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 қаңтардағы № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен ауданы әкімінің 05.01.2020 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 23-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес, Успен ауданы әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Успен ауданы әкімінің 2014 жылғы 11 наурыздағы "Успен ауданында сайлау учаскелерін құру туралы" № 3 шешімінің қосымшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3729 болып тіркелген, 2014 жылғы 14 наурызда аудандық "Апта айнасы", "Сельские будни" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

№ 412 сайлау учаскесінде "Школьная" сөзі "Ыбырай Алтынсарин" сөзіне ауыстырылсын;

№ 419 сайлау учаскесінде "Молодежная" сөзі "Науқенов" сөзіне, "8 Марта" цифрасы мен сөзі "Яременко" сөзіне ауыстырылсын;

№ 420 сайлау учаскесінде "Советов" сөзі "Тәуелсіздікке 25 жыл" сөздері мен цифрларына ауыстырылсын;

№ 427 сайлау учаскесінде "Степная көшесі 17, бастауыш мектебінің ғимараты" сөздері мен цифралары "Мира көшесі, ауылдық клубының ғимараты" сөздеріне ауыстырылсын;

№ 434 сайлау учаскесінде "Молодежная" сөзі "Науқенов" сөзіне ауыстырылсын;

№ 579 сайлау учаскесінде "Турксибская" сөзі "Астана" сөзіне, "Молодежная" сөзі "Жастар" сөзіне ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы В. П. Курсаковаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Аудан әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Успен аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясының төрайымы  
2018 жылғы "10" қазан

Б. Қасенов

М. Джилкибаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК